

**Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 161 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2021 жылғы 27 шілдедегі № 394 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 тамызда № 23819 болып тіркелді

#### **БҰЙРАМЫН:**

1. "Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 161 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11299 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын ерекше маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялау қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрінің міндетін атқарушы

K. Ускенбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Экология, геология және  
табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің міндеттін  
атқарушының 2021 жылғы  
27 шілдедегі № 394 бұйрығына  
қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 28 ақпандағы № 161  
бұйрығымен бекітілген

**Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және  
оқшау сүмен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидалары**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сүмен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі – Су кодексі) 37-1-бабының 8-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Су кодексінің 37-бабының 1-тармағының 7-9) тармақшасына және 39-бабы екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес тиісінше су қорын пайдалану және қорғау, сүмен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган немесе облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен тізбелер бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сүмен жабдықтау жүйелерінен (бұдан әрі – сүмен жабдықтау жүйелері) ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын республикалық бюджет туралы заңнамада немесе мәслихаттардың тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттер туралы шешімдерінде көзделген қаражат, республикалық бюджетте бекітілген сомалар шегінде республикалық бюджеттен төмен тұрған бюджеттерге берілетін бюджеттік субвенциялар есебінен және шегінде субсидиялау (бұдан әрі – субсидиялар) тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әкімші – облыстың жергілікті атқарушы органдың тұрғын үй-коммуналдық қатынастар саласына жетекшілік ететін, облыс әкімі айқындастын құрылымдық бөлімшесі;

2) бюджет қаражатын алушылар – бюджет қаражатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі арқылы алатын және оларды бюджеттік бағдарламаларды іске асыру шенберінде пайдаланатын жеке және занды тұлғалар;

3) жергілікті сумен жабдықтау жүйелері – бір елді мекеннің тұтынушыларына ауызсу беруді қамтамасыз ететін жүйелер;

4) коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган – елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) өтінім – әкімшіге субсидиялауға қажеттілікке ұсынылған табиғи монополия субъектісінің өтініші.

6) су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган – елді мекендерден тыс жерлерде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында басқару және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

7) су пайдаланушы – Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен өз мұқтаждарын және (немесе коммерциялық мұдделерін қанағаттандыру үшін су ресурстарын пайдалану құқығы берілген жеке немесе занды тұлға);

8) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым – елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалануды жүзеге асыратын су шаруашылығы ұйымы;

9) табиғи монополия субъектісі – тұтынушыларға реттеліп көрсетіletіn қызметтер ұсынатын дара кәсіпкер немесе занды тұлға;

10) табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган – табиғи монополиялардың тиісті салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

11) топтық сумен жабдықтау жүйелері – тұтынушыларға екі және одан да көп елді мекендерден ауызсу беруді қамтамасыз ететін сумен жабдықтау жүйелері;

3. Субсидиялар сумен жабдықтау жүйелеріне қызмет көрсететін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымдарға ауызсу бойынша өз мұқтаждықтарын қанағаттандыруға өткізілген ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын арзандатуға арналады.

4. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым үшін сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың 1 (бір) текше метріне бөлінетін субсидиялардың мөлшері:

табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органдың аумақтық департаментінің сумен жабдықтау қызметтеріне бекітілген тарифі мен Су кодексінің 37-1-бабының 8-9) тармақшасына сәйкес ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын

аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың 1 (бір) текше метрі үшін халықтың төлемақы мөлшері арасындағы айырма ретінде айқындалады;

бұдан әрі тазартуды және оны ауызсу тұтыну жағдайына дейін жеткізуді талап ететін берілген судың 1 (бір) текше метрі үшін 0 (нөл) теңге.

## **2-тарау. Субсидия алу тәртібі**

5. Жергілікті атқарушы органдар Су кодексінің 39-бабы екінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды жергілікті сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесін бекіту туралы, оның ішінде есепті жылдың қорытындылары бойынша 20 қаңтарға дейінгі мерзімде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде ақпарат береді.

6. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұры жөніндегі ұйым субсидия алу үшін әкімшіге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялауға қажеттілік жөніндегі өтінімді (бұдан әрі –Өтінім) мынадай құжаттарды қоса бере отырып ұсынады:

1) табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органның аумақтық департаментінің пайдалануши ұйымды жергілікті табиғи монополиялар бөліміне енгізу туралы бұйрығының көшірмесі;

2) табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органның аумақтық департаментінің ауызсу беру тарифін бекіту туралы бұйрығының көшірмесі;

3) тиісті бассейн аумағында су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұры саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесімен (екі және одан көп облыстың аумағында қызметі жүзеге асырылатын және өкілеттіктері қолданылатын) келісім бойынша тиісті жергілікті атқарушы органның бір және одан көп облыстарының аумағына ауызсу беруді жүзеге асыратын топтық су таррудың баламасы жоқ екені туралы қорытындылар;

4) аудандар мен ауылдық округтер әкімдерінің жергілікті су тартқышқа балама жоқ екенін растау туралы анықтамалары;

5) аудандар мен ауылдық округтер әкімдерінің ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу алатын халықтың саны туралы растайтын анықтамалар;

6) тиісті бассейн аумағында су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұры саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (екі және одан көп облыстың аумағында қызметі жүзеге асырылатын және өкілеттіктері қолданылатын) берген арнайы су пайдалануға рұқсаттың көшірмесі;

7) сумен жабдықтау жөніндегі ұйымның заңды немесе жеке тұлғасының мәртебесін растайтын құжаттар (Жарғының көшірмесі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), бизнес сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы қуәліктің көшірмесі (немесе жеке кәсіпкерді тіркеу туралы қуәліктің көшірмесі), қосылған құн салығын қою туралы қуәлік (бар болса).

7. Әкімші Өтінімді тіркейді және алынған құжаттар негізінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес он жұмыс құні ішінде бюджеттік өтінімді қалыптастырады.

8. Алдағы жылға арналған бюджеттік өтінімді қалыптастыру кезінде төленетін субсидия мөлшері өткен жылға 1 (бір) адамға су тұтынудың орташа жылдық мөлшерлемесін ескере отырып анықталады.

9. Әкімші сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым бөлінісінде қалыптастырылған бюджеттік өтінімді Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға енгізеді

### **3-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі**

10. Берілген ауызсуға субсидия көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = V * T * R,$$

мұндағы:

S – субсидия көлемі (тенгемен);

V – халыққа берілетін ауызсудың жылдық көлемі (текше метрмен);

T – табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті орган бекіткен сумен жабдықтау қызметтеріне 1 (бір) текше метр үшін бекітілген тариф (қосылған құн салығымен) (тенгемен);

R – субсидия мөлшері (%).

11. Халыққа берілген ауызсудың жылдық көлемі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V = N * V_{t\in u} * K,$$

мұндағы:

V – халыққа берілетін ауызсудың жылдық көлемі (текше метрмен);

N – сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйыммен шарт жасаған халықтың саны;

$V_{t\in u}$  – жергілікті атқарушы орган бекіткен 1(бір) адамға шаққанда тұтынылған ауызсудың тәуліктік көлемі;

K – субсидиялар есептелетін күндер саны.

12. Субсидиялар мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$R = (T - P) / T * 100,$$

R – субсидия мөлшері (%);

Т – табиғи монополиялар саласындағы уәкілдегі орган бекіткен сумен жабдықтау қызметтеріне 1 (бір) текше метр үшін бекітілген тариф (қосылған құн салығымен) (тенгемен);

Р – жергілікті өкілді орган бекіткен сумен жабдықтау қызметтеріне 1 (бір) текше метр үшін халықтың төлемақы мөлшері.

13. Ауызсуды есепке алу аспабы болған кезде субсидиялар 1 (бір) адамға арналған тұтыну нормативі кезінде тәулігіне 140 (бір жұз қырық) литр мөлшерінде төленеді.

Осы нормадан асқан жағдайда тұтынушы сумен жабдықтау қызметтеріне толық тариф төлейді.

14. Ауызсуды есепке алу аспабы болмаған кезде субсидиялар "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес әкімші бекітетін норматив бойынша төленеді.

#### **4-тaraу. Субсидияларды төлеу тәртібі**

15. Субсидиялар сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі ұйымдарға елді мекендердегі 1 (бір) тұрғынға белгіленген үлестік орташа тәуліктік су тұтыну шегінде субсидиялауды ескере отырып, сумен жабдықтау жүйелерінен су пайдаланушыларды бөлу нүктelerіне тарифтер бойынша ауызсу беру жөнінде нақты көрсетілген қызметтер үшін төленеді.

16. Сумен жабдықтау және су бұру жөніндегі ұйымы сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтерге субсидия төлемдерін алу үшін:

1) 1 ақпанға дейін әкімшіге осы Қағидаларға 2-қосымшага сәйкес су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілдегі органның аумақтық органымен және аудандық құрылыш немесе тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (облыстық маңызы бар қалалар) бөлімдерімен келісілген, ауызсу беруге шарттар жасалатын су пайдаланушылардың (халықтың) тізбесін (су ресурстарын коммерциялық мүдделерде пайдаланатын су пайдаланушыларды қоспағанда) ұсынады;

2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне әкімшіге осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша су пайдаланушылар бөлінісінде ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру жөнінде нақты көрсетілген қызметтер үшін жиынтық тізілімді (бұдан әрі – жиынтық тізілім) (аудандық құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (облыстық маңызы бар қалалар) бөлімдерімен келісілген және екі данада (сумен жабдықтау және (немесе).

17. Әкімші:

1) ұсынылған жиынтық тізілімдерді ай сайын осы Қағидалардың 2) тармақшасына сәйкес сегіз жұмыс күні ішінде тексереді және бекітеді;

2) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйымның шотына тиесілі субсидиялар сомасын есепті айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін аударады.

### 5-тарау. Субсидиялау жөнінде есеп беру

18. Әкімші тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейін коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті органға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төленген субсидиялардың көлемі туралы есеп береді.

Ауызсумен жабдықтаудың  
баламасыз көздері болып  
табылатын аса маңызды топтық  
және оқшау сумен жабдықтау  
жүйелерінен ауызсу беру  
жөніндегі қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

Жергілікті атқарушы органның  
(облыстардың) басшысына

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар  
болса), мемлекеттік органның  
атауы)

(ұйымның атауы) (жеке  
сайкестендіру нөмірі (ЖСН)/  
бизнес сайкестендіру нөмірі  
(БСН) мекенжайы

(занды немесе нақты  
мекенжайы) байланыс

(телефон)

### Өтінім

---

(занды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің атауы)

20 жылға арналған ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауды алу үшін мынадай құжаттар тізбесін ұсынады.

1) \_\_\_\_\_

—  
—;  
—;

2) \_\_\_\_\_

—

—;

3) \_\_\_\_\_

—

—;

4) \_\_\_\_\_

—

—;

5) \_\_\_\_\_

—

—;

6) \_\_\_\_\_

—

—;

7) \_\_\_\_\_

—

—;

Күні: 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_

—

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Мөр орны (бар болса)

Ауызсумен жабдықтаудың  
баламасыз көздері болып  
табылатын аса маңызды топтық  
және оқшау сумен жабдықтау  
жүйелерінен ауызсу беру  
жөніндегі қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидаларына

2-қосымша

Нысан

"КЕЛІСІЛДІ"

Сумен жабдықтау, су бұру су қорын  
пайдалану және қорғау саласындағы

аумақтық орган

20 жылғы " " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

аудандық құрылымы немесе түрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық  
(облыстық маңызы бар қалалар) бөлімді

20 жылғы " " \_\_\_\_\_

P/c №	Су пайдаланушылардың атавы	Су беру лимиті мың текше метр	Сумен жабдықтау қызметтеріне бекітілген тариф, теңге
1	2	3	4

Су беруші \_\_\_\_\_

Ауызсумен жабдықтаудың  
баламасыз көздері болып  
табылатын аса маңызды топтық  
және оқшау сумен жабдықтау  
жүйелерінен ауызсу беру  
жөніндегі қызметтердің құнын  
субсидиялау қагидаларына  
3-қосымша  
Нысан  
"БЕКІТЕМІН"  
Әкімші

20 жылғы " " \_\_\_\_\_

Су пайдаланушылар бөлінісінде ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып  
табылатын аса маңызды топтық және оқшау сумен жабдықтау жүйелерінен ауызсу беру  
жөнінде 20 жылғы \_\_\_\_\_ ішінде нақты көрсетілген қызметтердің жиынтық  
тізілімі \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі үйымның атавы) (ай)

P/c №	Су пайдаланушылардың атавы	Су беру лимиті мың текше метр	Су берілді, мың текше метр			Халық үшін сумен жабдықтау қызметтерінің бекітілген тарифі, 1 текше метр үшін, теңге
			жыл	оның ішінде есепті айда		
1	2	3	4	5	6	

кестенің жалғасы

Көрсетілген қызметтердің құны, теңге	Субсидия мөлшері (тарифтік сметаларда ескерілген шығындардың ____%), теңге	

Жыл басынан бастап	Оның ішінде есепті айда	жыл басынан бастап	оның ішінде есепті айда	Жыл басынан бастап субсидия төленді, теңге	Төлеуге жатады, теңге
7	8	9	10	11	12

Су беруші \_\_\_\_\_

Ауызсумен жабдықтаудың  
баламасыз көздері болып  
табылатын аса маңызды топтық  
және оқшау сумен жабдықтау  
жүйелерінен ауызсу беру  
жөніндегі қызметтердің құнын  
субсидиялау қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

### Төленген субсидиялардың көлемі туралы есеп

20\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органның атауы: \_\_\_\_\_

Нысаналы трансферттің атауы: ағымдағы нысаналы трансфертер

Есеп беру кезеңі: \_\_\_\_\_ жыл

Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы: \_\_\_\_\_ мың  
теңге

Бюджеттік бағдарламаның атауы және коды: \_\_\_\_\_

P/ с №	Тікелей нәтиже					
	Көрсеткіштердің атауы (жоспарланған іс-шаралар)	Іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы	Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері	Жоспар мың тенге	Нақты мың тенге	Ауытқу мың тенге
	Республикалық бюджет					
	Жергілікті бюджет					
1	1 ____ мың текше метр ауызсу көлемінде субсидиялауга төлемақы мөлшері бойынша ауызсуды үздіксіз беру					

P/ с №	Түпкілікті нәтиже			
	Тәртіп бойынша жоспарланған көрсеткіштер (іс-шаралар)	Нәтижелерге нақты кол жеткізу	Нәтижелерге кол жеткізбеу себептері	

1	_____ облысы _____ елді мекенінің тұрғындарын сапалы ауызсұмен және қажетті мөлшерде (қолайлар бағамен) қамтамасыз ету)		
2	Халық үшін ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын төмендету _____ саны _____ адам халықты қамтумен		

Мөрдің орны (бар болса)

Облыс әкімі \_\_\_\_\_ ( қолы)

Бірінші басшысы

Төмен тұрган бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының әкімшісі  
\_\_\_\_\_ (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК